

№ 13 ХАТТАМА

29 қазан 2025 ж

**Тау-кен ісі және геодезия бойынша диссертациялық кеңестің отырысы
(8D07306 - «Геокеңістіктік сандық инженерия» білім беру бағдарламасы)**

Төраға: Ракишев Б.Р. техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі.

Хатшы: техника ғылымдарының кандидаты, профессор Мейрамбек Г.

Қатысушылар: Диссертациялық кеңестің төрағасы Ракишев Б.Р., т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары Х.А.Юсупов, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі; ғылыми хатшы Мейрамбек Г., т.ғ.к., профессор; диссертациялық кеңес мүшесі Рысбеков К.Б., т.ғ.д., профессор; докторанттың ғылыми кеңесшілері: Рысбеков К. В., Жакыпбек Ы., докторант Бегимжанова Е.Е.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **PhD докторант** Бегимжанова Е.Е. диссертациялық жұмысын қорғауға арналған құжаттарды қабылдау.

2. «Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Ережесінің 2.3 тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелігіне кандидатураларды қарау.» П029-03-04-02.2.02-2024 ж.

3. P029-03-04-02.02.2024 сәйкес докторанттардың ғылыми дәрежесі бар ресми рецензенттерін тағайындау.

ТЫҢДАДЫ:

Төраға. Құрметті Диссертациялық кеңес мүшелері! Кворум бар – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы № 126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережеге сәйкес (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен енгізілген өзгертулермен) Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 14 маусымдағы № 294), «Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ» ҰҒАО Диссертациялық кеңесі туралы ереже» алқасының 01.08.2024 жылғы № 9 шешімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Алқасының қаулысымен бекітілген тау-кен және геодезия мәселелері бойынша диссертациялық кеңестің 4 мүшесінің барлық 4 мүшесі диссертациялық кеңес мәжілісіне қатысуда, отырыс құзыретті болып саналады, қорғауға қажетті құжаттарды қабылдауды бастаймыз:

Бегимжанова Еркежан Ернарқызы 8D07306 - «Геокеңістіктік сандық инженерия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы дәрежесін алу үшін «Экологиялық тәуекелдерді бағалауда геокеңістіктік деректерді интеграциялау (Қарағанды облысының өнеркәсіптік аймақтары мысалында)» тақырыбындағы, қазақ тіліндегі диссертациялық жұмысын қорғауға арналған құжаттарды қабылдау.

Ғылыми кеңесшілер:

Рысбеков Қ. Б.- т.ғ.к., Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ «Тау-кен маркшейдерлік ісі және геодезия» кафедрасының профессоры,

Жакыпбек Ы. – PhD доктор, Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ «Тау-кен маркшейдерлік ісі және геодезия» кафедрасының профессоры,

Дай Хуаян – техника ғылымдарының докторы, Қытай тау-кен техникалық университетінің профессоры (Пекин, ҚХР). Диссертация бірінші рет қорғалып отыр. Кеңес отырысына ғылыми кеңесшілері Қ. Б. Рысбеков, Ы. Жакыпбек және докторант Е. Е. Бегимжанова қатысып отыр.

Келіп түскен диссертация материалдарын хабарлау үшін сөз ғылыми хатшы Мейрамбек Г.-ға беріледі. Гульдана Мейрамбековна, сөз сізге беріледі!

Ғылыми хатшы. Құрметті Баян Ракишевич және диссертациялық кеңес мүшелері! Е.Е. Бегимжановадан өтініш түсті, құжаттар тізімінде докторанттың ғылыми жетекшілерінің оң пікірлері, «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының оң қорытындысы, тігілген диссертациялық жұмыс, үш тілдегі автореферат, ғылыми еңбектер тізімі, мақалалардың пайыздарын және кватилдерін растайтын Ұлттық Мемлекеттік ғылыми-техникалық орталығының анықтамасы, жоғары білім туралы дипломның көшірмесі, оқуға қабылдау және диссертациялық жұмыстың тақырыбын бекіту туралы бұйрықтары. Жоғарыда аталған құжаттардың барлығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі талаптарына сәйкес келеді.

Төраға. Рахмет, ғылыми хатшыға, докторантқа сұрақтарыңыз бар ма? Болмаса, екінші сұраққа көшейік.

Екінші сұрақ бойынша. Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері уақытша кеңеске кандидаттарды талқылады. Талқылаудан кейін диссертациялық кеңес мүшелері 8D07306 - «Геокеңістіктік сандық инженерия» білім беру бағдарламасы бойынша келесі мамандарды ұсынды:

1. Карл Вах – техника ғылымдарының кандидаты, Фотограмметриялық оқу құрылыс институтының бас директоры (Чехия);

2. Алтаева Асель Абдикеримқызы – PhD докторы, Халықаралық білім беру корпорациясы «Геодезия және картография, кадастр» кафедрасының қауымдастырылған профессоры;

3. Уразалиев Асет Сейсенбекович – PhD, «Жерсеріктік және геодинамикалық зерттеулер» зертханасының меңгерушісі, Ионосфера институты.

Дауыс беру нәтижелері:

Қолдағандар - бәрі.

Қарсы - жоқ.

Қалыс қалғандар - жоқ.

Үшінші сұрақ бойынша, төраға. Талаптарға сәйкес, диссертация тақырыбы бойынша докторантқа ресми рецензенттерді бекіту керек. Докторлық зерттеу саласында кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы бар PhD мамандарының кандидатураларын ұсынуды сұраймыз.

ТАЛҚЫЛАУ:

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері диссертация тақырыбы бойынша докторантқа ресми рецензенттердің кандидатураларын талқылады. Талқылаудан кейін келесі мамандар ұсынылды:

Е. Е. Бегимжанованың диссертациясына сәйкес «Экологиялық тәуекелдерді бағалауда геокеңістіктік деректерді интеграциялау (Қарағанды облысының өнеркәсіптік аймақтары мысалында)» тақырыбы бойынша келесі мамандар ұсынылсын:

1. Сарыбаев Еділ Сауытович – PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Картография және геоинформатика» кафедрасының доценті;

2. Умирбаева Алия Батухановна – PhD докторы, Халықаралық білім беру корпорациясы «Геодезия және картография, кадастр» кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессоры.

Дауыс беру нәтижелері:

Қолдағандар - бәрі.

Қарсы - жоқ.

